*«Демеу» бөбекжай балабақшасы ЖШС*

# *Өндірістік кеңестің хаттамалары*

*2021-2022ж*

## Өндірістік жиналыстың №1 хаттамасы

Қатысқандар:21 27.08.2021 ж

### Күн тәртібі:

1. Өткен кеңестің шешімдерінің орындалуы (жаңа оқу жылына дайындық бояу, жөндеу)
2. Стандарт талаптарына сай топтарды жабдықтау, балалар тізімін анықтау
3. Қамқоршылық кеңес жоспарын құру.
4. Балалар өмірі мен қауіпсіздігін қорғау бойынша нұсқау жүргізу бұйрық шығару.
5. Ішкі еңбек тәртібі.

**Тыңдалды:**Өткен кеңестің шешімдерінің орындалуы
**Сөйледі:** Ш.Касымова– балабақша меңгерушісі жазғы маусымға арналған жеңілдетілген сабақ кестесі бойынша оқу-тәрбие процесі жүргізілді. Тәрбиешілер ыстық күнде балаларды жалықтырып алмау үшін ойын түрінде, балалардың ынтасының, ықыласына қарай ұйымдастырды.

Сонымен қатар жазғы сауықтыру шаралары күнделікті ұйымдастырылды. Балалар таза ауада ойнап, көбірек сусындар беріліп, құм үстінде жалаң аяқ жүріп, аяқтарын салқын сумен жуып, суланған шүберек үстімен жүріп, шынығумен айналысып, күннің екінші жартысында шомылу жоғарыдан төмен қарай су құюмен шынықты. Әрбір шынығу, дене жаттығулары, серуен, медбикенің қадағалауында, бақылауымен өтті. Сонымен қатар іш аурудың алдын алу жұмыстары жүргізілді. Қайнатылған су беру, тазалық та бақылауда болды. Ата-аналарға кеңестер берілді. Жөндеу жұмыстарына тоқталсам, қажетті жерлерге жасалды. Балаларға зияны тимеу үшін сенбі, жексенбі күндері топтарды кезекпен жасап отырдық, дәліздер мен әкімшілік бөлмелерінде ақталып, сырлап өттік. Жаңа оқу жылына ғимаратымыз дайын. Жылу жүйесі де тексеріліп, қазандықтар дайын.2021-2022 жылына ғимаратты дайындау бояу сырлау жұмыстары жүргізілді.
**Тыңдалды:** Стандарт талаптарына сай топтарды жабдықтау, балалар тізімін анықтау
**Сөйледі:**Б.Маликова – балабақша әдіскері мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту ұйым қызметкерлері мемлекеттік стандар талаптарының орындалуына жауапты екенімізді білеміз, орындауға міндеттіміз. Стандарт талаптары бізден нені талап етеді?

- Балаларды даму кезеңдеріне байланысты топтарға жас ерекшелігіне сай болу.
- Пәндік дамытушы ортасы мазмұнды болу.
- Педагогикалық үдеріс жаңашыл болуын қамтамасыз етуі
- Базалық оқу жоспарына сүйену
- Оқу жүктемесіндегі бес сала бойынша құзыреттіліктерін дамыту.
- Педагогикалық үдерістегі талаптарды орындау

Демек, жаңа оқу жылында оқу-тәрбие ісін ұйымдастыру үшін, талаптарға сай жабдықталуымыз қажет. Балабақшаның материалдық техникалық базасы мықты. Балаларға ойнау, ұйықтау, спортпен шұғылдану, ән айтып, би билеу, тамақтану, бөлмелері бар, жағдай жасалған. Дамытушы орталар толықтыруларды қажет етеді. Балалар тізімін анықтап қажетті жерге тізімі ілiну керек.

**Тыңдалды:** Қамқоршылық кеңес жоспарын құру

**Сөйледі:**Балабақаша меңгерушісі Ш.Касымова сөз алып, қамқоршылық кеңесінің Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2017 жылғы 27 шілдедегі № 355 бұйрығымен өзгерістер мен толықтыруларды айта келіп, қамқоршылық кеңесінің жұмысы туралы толық ақпарат берді. Қамқоршылық кеңесі қоғамдық бірлестік, бірге басқарудың қоғамдық-мемлекеттік түрлерін дамыту және білім беру жүйесі, ізгілік қызметтері мекемелеріне қолдау жасауға қосымша қаржы арту мақсатында құрылатындығын айта келіп, міндеттеріне тоқталды.

а) Жалпы білім беру ұйымының жұмысының айқындығын арттыруға және жетілдіруге бағытталған бастамалар ұсыну және оны талқылау.

ә) Жалпы білім беру ұйымының материалдық-техникалық базасы мен оқу базасын нығайту және жетілдіру, оның аумағы мен кабинеттерін көбейту

**Тыңдалды:** Бала өмірі мен денсаулығын қорғау бойынша нұсқау жүргізу. Ішкі еңбек тәртібі.

**Сөйледі:**Ш.Касымова– балабақша меңгерушісі әрбір қызметкер бала өмірі және өз өмірінің қауіпсіздігін сақтау нұсқаулығымен, өз міндеттерімен таныстырылған. Әрбір оқу жылының басында, ғимаратта жылу жүйесі іске қосылатын қысқы маусымда, көктемгі көгалдандыру кезінде кеңес нұсқаулармен қайта таныстырылып қол қоясыздар. Және де сол ережені сақтап, жауапкершілікпен қарауға, міндеттеріңізді дұрыс атқаруды тапсырманы деді.

**Шешім:**

1. Өткен кеңес шешімдерінің орындалуы қадағалансын
2. Балалар тізімі анықталып, топтарды безендіру толықтырылсын.
3. Жеке кәсіпкерлер мен ата-аналардың қолдауымен қайырымдылық жұмыстары қолға алынсын.
4. Әрбір қызметкер бала өмірі мен өз өмірінің қауіпсіздік ережесін сақтасын.
5. Ішкі еңбек тәртібі сақталынсын

Төрайымы: Ш.Касымова

Хатшы: К.Жолшиева

**Өндірістік жиналыстың кезектен тыс**
**№2 хаттамасы**

Қатысқандар:22 15.10.2021 ж

**Күн тәртібі:**

1.Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстан халқына жолдауын талқылау.
**Тыңдалды:** Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстан халқына жолдауы.
**Сөз сөйледі:** балабақша меңгерушісі Ш.Касымова.
Қасым-Жомарт Тоқаевтың **«Сындарлы қоғамдық диалог –қазақстанның тұрақтылығы мен өркендеуінің негізі»** жолдауын Қазақстан халқына жолдады..Мемлекет басшысы бұл жолдауында біз еліміз тарихындағы маңызды белеске жақындап келеміз.Осы уақыт ішінде еліміз әлемдегі беделді әрі орнықты мемлекетке айналды.Қазір бізде тәуелсіздіктің жетістіктерін еселеп, дамудың аңа кезеңіне шығару мүмкіндігі беріліп отыр..Заман талабына сай мемлекет болу үшін «Күшті Президент-ықпалды Парламент-есеп беретін Үкімет» болуы керек,біз бұған әле жеткен жоқпыз.Орта Азиядағы экономикасы ең ауқымды ел саналатын Қазақстан қазір пандемияның зардабын тартуда. Дегенмен қиындықтарға қарамастан,бағдарымызды берік ұстап келеміз.
Біздің білім беру жүйеміз қолжетімді әрі инклюзивті болуға тиіс.
Бірінші мәселе білім берудің сапасын жақсарту.Шын мәнінде мамандар даярлау отандық жүйесі нақты еңбек нарығынан тыс қалған.қала мен ауыл білім сапасы алшақтап барады.Мәселе ауылда сапалы педагогтар аз болуы. Осыған орай «дипломмен ауылға»бағдарламасын кеңейтуді тапсырамын..Оқулық сапасын көтеру керек және мұғалімдердің айлық жалақысын 25 пайызға арттырамын.Алдағы үш жылда осы мақсатқа тағы 1,2 триллион теңге жұмсаймыз.
Ұлы Абай өзінің өзінің алтыншы қара сөзінде «**Бірлік-ақылға бірлік**» дегенін білесіздер.береке мен бірлік ,ақылмен парасат халқымызды үнемі алға бастап келеді.
**«Бағытымыз- айқын,жолымыз- ашық»**.баріміз бірге болсақ,еліміз бұданда зор жетістікке жетеді деп сенемін.
**Сөз сөйледі:**
Балабақша мейірбикесі: Ш.Угланова .Мен президентіміз жолдауын оқып шықтым, ол жерде халықтың әлеуметтік жағдайын көтеру, жолға қойылыпты.Көптеген проблемаларды жоюға айқын мақсаттар қойылған.
**Сөз сөйледі:**
Балабақша тәрбиешісі Асылбекова Б.Мен президентіміз Қасым Жомарт Тоқаев мырзаның жолдауындағы «педагог мәртебі» туралы заңына қатты

риза болдым.Мұнда педагогтың мәртебесін көтеру,басты мақсатқа қойыпты. Мен Елбасыма сенемін деп сөзін аяқтады.

Шешім:

1.Елбасы жолдауымен қызметкерлер толық танысып шықсын.

Төрайымы: Ш.Касымова

Хатшы: К.Жолшиева

**Өндірістік кеңестің № хаттамасы**

Қатысқандар:21 15.12.2021ж

**Күн тәртібі:**

1. Өткен кеңестің шешімдерінің орындалуы жөнінде
2. Жылу мәселесі(қысқы маусымға дайындық)
3. Жаңа жыл мерекесінде қауіпсіздік ережесіне сақтау

**Тыңдалды:** Өткен кеңестің шешімдерінің орындалуы жөнінде
**Сөйледі:**Ш.Касымова балабақша меңгерушісі топтарда бала саны анықталып, топталды. Жас ерекшелігіне сай ұйымдастырылған оқу іс-әрекетінің кестесі бекітілген, оқу тәрбие ісі жүргізілуде. Стандарт талаптыран сай жабдықталған. Әр топта қажетті ата-аналар, табиғат, еңбек, денсаулық, кітап, кезекші бұрыштары безендірілген, оқу ісіне қажетті көрнекіліктер, суреттер, альбомдар, үлестірмелі, дидактикалық материалдар жинақталған. Ашық ұйымдастырылған оқу іс-әрекеттері, тіл мерекесі, күз мерекесі аталып өткізілді. Әрбір қызметкер балалар өмірінің қауіпсіздігін ескере отырып, іс-шараларға ұйымдастыруда. Үнемі бала өміріне жауапты екенімізді естен шығармайық деді.
**Тыңдалды** Жылу мәселесі жөнінде.
**Сөйледі:** Ш.Угланова – балабақша медбикесі күннің суытуына байланысты жылу жұмыстары іске қосылды. Қазандықтар жақсы жұмыс істеп тұр. Жылу жүйесі үнемі қадағалануда. Бөлме жылулық температурасы $20^{0}$ да сақталуда. Терезелер мен еденнің ақаулары жөнделді. Жылу жүйесі бір қалыпты жұмыс істеуде. Балалардың қауіпсіздігі ескерілген.

**Тыңдалды** Жаңа жыл мерекесінде қауіпсіздік ережесіне сақтау
**Сөйледі:** Б.Асилбекова жаңа жылдық мерекеге арналған «Жасыл шырша» мерекесін тойлауға әзірленудеміз. Безендіру мен өткізу жұмыстары жоспарлануда. Мереке қызықты өту үшін әрине әдемі түрлі түсті ойыншықтар, шырақтар, отшашулар мен музыкалық тосын сәттер ұйымдастыруда қауіпсіздік сережесін сақтап, абай болуларыңызды тапсырамын. Ата-аналармен түсіндіру жұмыстары жүргізілсін, ережені қатаң сақтаңыздар. Бір сәттілік отшашу, үлкен қайғы әкелмеуіне кім кепіл, оған жол бермей, алдын алу жұмыстары жүргізілсін деп сөзін аяқтады.

-табиғи факторды пайдалана отырып шынықтыру;
-жеке тұлғаны қалыптастыру,эстетикалық тәрбиені жетілдіру
**Міндеттері:**
-балалар өмірі мен тұлға қауіпсіздігінің сақталуына жағдай жасау, түрлі аурулардың
алдын –алу,жарақаттануды болдырмау;
-сауықтыру,шынықтыру шараларын ұйымдастыруды жүйелі жүзеге асыру;
-әлеуметтік –мәдени сәйкестену мен төзімділігін тәрбиелейтін орта қалыптастыру;
-педагогикалық және әлеуметтік тұрғыда ата-аналарды сауықтыру,шынықтыру
шараларымен сауаттандыру;
-балалардың қызығушылығын аттыру,балабақшадағы бала өміріне ұмытылмас қуаныш
сыйлау.
**Тәрбиеші:Жазғы сауықтыру кезеңдері:**
-дайындық кезеңі;
-ұйымдастыру кезеңі;
-негізгі кезең;
-қортынды кезең.
**Жазғы сауықтыру кезеңін топтамалары:**
1.Күн тәртібін жазғы кезеңге сәйкес құру
2.Жазғы кезеңдегі тамақтануды ұйымдастыру
3.Профилактикалық сауықтыру жұмыстары
4.Шынықтыру іс-шаралары
5.Арнайы сауықтыру жұмыстары.
6.Ата-анамен жұмыс
7.Экологиялық сауықтырулар.
**Топтамалар төмендегідей жұмыс түрлерін қамтиды мысалы:**
**1-Ерікті тақырыптық:**
туған күндер,байқаулар, спорттық жарыстар,апталықтар,тақырыптық көрмелер,т.б
**3.Тыңдалым:** Балабақша мейірбике сөз алды -Ішек инфекциясын жұқтырған баланың дене қызуы көтеріліп, іші қайта-қайта өтеді. Асқа тәбеті болмай, құсады, мазасызданады, басы ауырады. Дәретіне қан немесе кілегей араласады. Қайта-қайта іші өтіп, құсқандықтан баланың ағзасы тіршілікке қажетті су мен тұздарды көп жоғалтады. Осының әсерінен әбден қалжырап, әлсіздік пайда болады. Егер аталған белгілер байқалса, дереу дәрігерге қарату керек және мұндай кезде алғашқы көмек көрсетілуі қажет. Бұл кезде балаларға регидрон ерітіндісін берген жөн. Аталмыш сұйықтықты әрбір 4 сағат сайын 1 шай қасықпен ішкізеді. Ерітінді әрбір күнге жаңадан езіліп беріледі. Ал егер регидрон болмаса 200 мл қайнаған суға еріген бір шымшым тұз салған суды берген абзал. Осы емнен кейін сұйық нәжіспен сыртқа

**Шешім:**

1. Бөлмелер жылулығы $20^0$ температурада сақталсын. Жауапты:Ш.Угланова
2. «Жасыл шырша» мерекесінде қауіпсіздік ережесі сақталсын. Жауапты: Тәрбиешілер. Мед бике

Төрайымы: Ш.Касымова

Хатшы: К.Жолшиева

**Өндірістік кеңестің № хаттамасы**

Қатысқандар:21 02.05.2022ж

**Күн тәртібі:**

1.Өткен кеңестің шешімдерінің орындалуы жөнінде
2.Жазғы сауықтыру кезінде балалардың денсаулығын нығайту шаралары
3. Іш ауыруларының алдын алу.Мейірбикенің кеңесі

**Тыңдалды:** Өткен кеңестің шешімдерінің орындалуы жөнінде
**Сөйледі:**Ш.Касымова балабақша меңгерушісі биылға қыста балалар жаурамай шықты,балабақшаның жылу жүйесінен ешқандай мәселе болмады.

**2.Мәселе** бойынша балабақша әдіскері Б.Маликова сөз алды Мектепке дейінгі ұйымның алдында тұрған жауапты міндет- күрделі, өмірден өз орынын таба білетін дені сау, мәдениетті,шығармашылық жеке тұлғаны тәрбиелеу.
Сауықтыру жұмыстарының жүйелі өткізу:
-әрбір бүлдіршіннің қабілеттерін ашуға қажетті жағдай жасау;
-бала өмірін қызықты және мазмұнды ету;
-құрдастармен және ересектермен қарым –қатынаста жұмыс жасауға үйрету;
-дене және психикалық денсаулығығын нығайту,
- қажетті іс - әрекетті белсене және өз бетінше орындауға;
-валеологиялық білімін іс-тәжірибеде өздігінен іске асыра және спорттың әртүрлі түрлерімен айналыса білуге мүмкіндік береді.
Жаз кезінде балалардың ағзасын сауықтыруға,эмоциалық, жеке тұлғалық, танымдық тұрғыда дамытуға септігін тигізетін жағдай жасау үшін ересектердің (балабақша қызметкерлер мен ата-аналарды) күшін жұмылдыру,біріктіру.
Жазғы кезде балалардың таза ауада болу уақыты ұзарады, оқу сабақтарының саны қысқарады,сабақтар ашық ауда өткізіледі.Содықтан да балалардың жыл бойғы алған білімін ,біліктілік дағдыларын ,қабілеттерін көрсетуге еркіндік беріледі.
Сауықтыру-шынықтыру уақытында сабақтастық сақталады. Жоспарлы жұмыс құру үлкен жетістікке , нәтижеге ие болады.
**Мейірбике:Сауықтыру-шынықтыру жұмыстарының мақсаты:**
-жаз мезгіліндегі балалардың денсаулығын нығайтуда эмоциональдық, тұлғалық,танымдық дағдысын қалыптастыруда үлкендердің/ата-ана,қызметкерлер/
өзара әріптестігін, сабақтастығын біріктіру;
-бала денсаулығын сақтау мен нығайту;

шығып кеткен су мен тұздар тапшылығы қалыпты жүйеге келіп, баланың іш өтуі тыйылуы мүмкін. Содан соң балаға сорпа, күріш суы, сұйық шай, кисель, қайнатылған және салқындатылған суды ішкізген жөн. Ал ішектің микрофлорасына тікелей әсер ететін қуырылған, ащы, сүт, кепкен тағамдарды беруге мүлде болмайды. Егер нәтиже болмай, бала қайта құсса, қызуы көтеріліп, шөлдей берсе, сұйық ішпесе, тамақтан бас тартса, онда ауруханаға жатқызу керек.

**Шешім**

1.Жазғы сауықтыру кезінде балалардың денсаулығын нығайту шаралары жүргізілсін
2. Іш ауыруларының алдын алу шаралары жүргізілсін.

Б/б меңгерушісі: Ш. Касымова
Хатшы: К. Кошимова

Түркістан облысы, Мақтаарал ауданының «Демеу» бөбекжай балабақшасы Жауапкершілігі Шектеулі Серіктестігінің

жұмыскерлерінің еңбек өтілін есептеу бойынша құрылған комиссия отырысының

## № 4 ХАТТАМАСЫ

**Күн тәртібі :** **06.01.2022 жыл.**

**1. Балабақша жұмыскерлерінің 2022жылдың 14 қаңтар дейінгі еңбек өтілін анықтау. Қазақстан Республикасы үкіметінің 2002 жылдың 11 қаңтарындағы № 41 «Мемлекеттік қызметші болып табылмайтын мемлекеттік мекемелердің жұмыскерлеріне еңбекақы төлеу жүйесі туралы» Қаулысы негізінде барлық балабақша жұмыскерінің еңбек кітапшасы бойынша еңбек өтілін есептеп шығып,**

**Комиссия шешті :**

**2022 жылдың 14 қаңтарға дейінгі балабақша тәрбиешілерінің педагогикалық өтілін, шаруашылық жұмыскерлерінің еңбек өтілін төмендегіше болып белгіленсін.**

| № п п | Аты-жөні | Атқарып жатқан жұмысы мен бірлік мөлшерлемесі | Білімі | Оқу орнының атауы | Санаты | Разряд | Еңбек өтілі | | Ескерту |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | | | Пед. | Барлығы | |
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 | 8 | 9 | 10 |
| 1 | Касымова Шолпан Азимхановна | Меңгеруші-1 | жоғары | Шымкент Аймақтық әлеуметтік инновациялық университеті<br>Мамандығы. –Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу.<br>Диплом№0969013 | 2 | А3-3 | 9.3 Меңгерушілік 6.11 ай | 20 | |
| 2 | Маликова Бану Куанышовна | Әдіскері 0,5 | Арнаулы орта | МКҚК Мақтаарал гуманитар-экономиклық және агробизнес колледж<br>мамандығы Бастауыш білім беру<br>Диплом №0521205 | б/к | С3 | 5 | 7 | |
| 3 | Мыхтыбек Сандугаш Оралбайкызы | Педагог-психолог 0,5 | жоғары | Казак мемлекеттік кыздар педагогикалық университеті Мамандығы Педагогика және психология<br>Диплом №0858938 | б/к | В3-4 | 4 | 4 | |
| 4 | Асилбекова Бахтыкуль Досмаханова | Тәрбиеші-1 | Арнаулы орта | МКҚК Махтаарал гуманитар- экономикалык және агробизнес колледж<br>Мамандығы 0105000-Бастауыш білім беру | б/к | В4-4 | 7 | 7 | |

| | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | мұғалімі<br>Диплом ТКБ № 0521209 | | | | | |
| 5 | Смайлова Тажикул Романкуловна | Тәрбиеші -1 | жоғары | Г. Гулом атындағы Сирдарио мемлекеттік педагогикалық институты<br>Мамандығы. Орыс тілі мен әдебиеті<br>Диплом КВ №831346 | б/к | В3-4 | 17,9 | 19,10 | |
| 6 | Назар Жазира Жұмаділлә қызы | тәрбиеші -1 | жоғары | «Сырдария» университеті<br>Мамандығы. 5В011600-География<br>Диплом ЖБ-Б№0766449 | б/к | В3-4 | 3,4 | 3,4 | |
| 7 | Жолшиева Күлайна Туребекович | тәрбиеші -1 | жоғары | Шымкент қ.Аймақтық әлеуметтік иноватциялык университеті<br>Мамандығы5В010200-Бастауыш оқыту педагогикасы мен әдістемесі.<br>Диплом№0730664 | б/к | В3-4 | 3,4 | 9,7 | |
| 8 | Жарасова Гульмира Копжасаровна | Тәрбиеші- 1 | жоғары | Алматы индустриалды-педагогикалық академиясы.<br>Мамандығы. 050102 «Бастауыш оқыту педагогикасы мен әдістемесі.<br>Диплом ЖБ №0107963 | б/к | В3-4 | 26,1 | 26,1 | |
| 9 | Смадиарова Айнагуль Сагындыковна | Саз маманы 0,5 | жоғары | Шымкент университеті<br>Мамандығы.5В010600-музыкалық білім<br>Диплом№0959467 | 2 | В3-4 | 23,10 | 23,10 | |
| 10 | Сердалиева Динара Алимхановна | Тіл маманы 0,5 | жоғары | «Сырдария» университет г.жетісай<br>Мамандығы. Орыс тілі мен әдебиеті.<br>Диплом.0262089 | 2 | Д1 | 9,7 | 9,7 | |
| 11 | Усенова Камиля Шамшиддиновна | тәрбиеші -1 | Арнаулы орта | МКҚК Махтаарал гуманитар-.экономикалық және агробизнес колледж .<br>мамандығы 0105000 Бастауыш білім беру мұғалімі<br>Диплом 0951060 | б/к | В4-4 | 3,11 | 7 | |
| 12 | Алипбекова Гулбахар Жапаровна | Есепші 0,5 . | жоғары | Қазақтың Еңбек Қылыл Ту орденді шаруашылық институтына аграрлықуниверситетінің.<br>Мамандығы. Бухгалтерлік есеп және аудит.<br>Диплом с отличем ЖБ-1 №0018403 | б/к | С2 | | 24,3 | |
| 13 | Асильбеков Байсерик Узакбаевич | Ғимарат жөн.жұмысшы 1,5 | Арнаулы орта | МКҚК Махтаарал гуманитар-.экономикалық және агробизнес колледж<br>Мамандығы.4402002 Ауыл шаруашылықын механикаландыру.<br>Диплом ТКБ №0157959 | б/к | 2Р | | 24,10 | |
| 14 | Алипбеков Хамит Жапарович | Қарауыл- 1,5 | Арнаулы орта | МКҚК Махтаарал гуманитар-.экономикалық және агробизнес колледж<br>Мамандығы.0105000-Кеден ісі<br>Диплом ОАБ №0198347 | б/к | 1Р | 7 | 7 | |

| | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 15 | Абдулова Алия Бекенбаевна | Кір жуушы-1,5 | Арнаулы орта | МКҚК Махтаарал гуманитар- экономикалық және агробизнес колледж Мамандығы 0105000-Еңбек Диплом№0332077 | б/к | 2Р | 7 | 7 | |
| 16 | Агишева ФерузаШадыбайқызы | Тәрбиеші көмекшісі 1 | Арнаулы орта | МКҚК Махтаарал гуманитар-.экономикалық және агробизнес колледж . мамандығы 0105000 Бастауыш білім беру мұғалімі Диплом 1530481 | б/к | Д1 | 2,2 | 2,2 | |
| 17 | Абдиева Меруерт Алпысовна | Аспазшы 1,5 | Арнаулы орта | Шардара қаласындағы№16 кәсіптік техника мектебі.мамандығы ауыл шаруашылық өндірісінің есепшісі Свидетельство№0749 | б/к | 2Р | 2,6 | 2,6 | |
| 18 | Джолдасова Аякоз Серикбаевна | Тәрбиеші көмекшісі 1 | орта | | б/к | Д1 | | 7 | |
| 19 | Исакова Анжелика Петровна | Тәрбиеші көмекшісі 1 | Арнаулы орта | МКҚК№14 колледж Мамандығы 15040000 Фермер шаруашылығы Диплом №0672604 | б/к | Д1 | | До года | |
| 20 | Киятбаева Әсем Юлдашевна | Тәрбиеші көмекшісі 1 | орта | | б/к | Д1 | | 1,9 | |
| 21 | Молдабаев Мурат Байбосынович | Қарауыл-1,5 | орта | | б/к | 1Р | | 7 | |
| 22 | Угланова Шарифа Достаевна | Мед бике 0,75 | Арнаулы орта | шымкентегі медициналық училищесінің Мамандығы: Фельдшер Диплом ВТ №213099 | б/к | В4-4 | | 27,3 | |
| 23 | Узакбай Айтуган Байсерікұлы | Шаруа меңгеруші-0,5 | жоғары | М.Х.Дулати атындағыТараз мемлекеттік университеті. Мамандығы 5В080500 Су ресурстары мен суды пайдалану. Диплом№1043820 | б/к | 3Р | | 8,10 | |

*Меңгеруші* ________ *Ш.Касымова*

*Әдіскер* ________ *Б.Маликова*

*Мед бике* ________ *Ш.Угланова*

*Есепші* ________ *Г.Алипбекова*

*Кәсіп одақ торайымы* ________ *Б.Асилбекоева*

**Өндірістік жиналыстың кезектен тыс**
**№6 хаттамасы**

Қатысқандар:22 28.02.2022 ж

**Күн тәртібі:**

1. Ұжымдық шарт бойынша 56 күнтізбелікке демалысқа жіберілуі туралы.
2. Зейнеткерлікке шыққан медбикемізді жұмыстан босату туралы.

**Тыңдалым.** Балабақша меңгерушісі Ш.Касымова сөз алды.Балабақшаның жұмыскерлері ұжымдық шарт мәселесі қайта талқыланды.Еңбек демалысы туралы мәселелерде қозғалды.Пед мамандар 56-күн демалысқа щығатынын,және оны екі бөліп алуға болатынын айтты. Мейірбике Угланова Шарифа Достаевнаның зейнеткерлік жасына жетуіне байланысты мәселелер қозғалды.Балабақша жұмыскері Б.Асильбеков сөз алып,өз сөзінде мейірбикенің жұмыстарына оң шешім беріп, маманың жетіспеуіне байланысты бір жылға келісім шарт жасасуды ұсынды.Ұжым бір ауыздан қолдады.

**Сөз алды:** Кәсіп одақ ұйымының төрайымы Б.Асильбекова бұл ұсынысты мақұлдады,білгір стажы бар жас мамандардың жетіспеуін, және жас маманың 0,5мөлшерде жұмыс жасамайтынын айтып өтті.Сол себепті ұжымен келісемін.

**Шешім**

1. Ұжымдық шарт бойынша 56 күнтізбелікке демалысқа жіберілсін.
2. Зейнеткер У.Шарифа мен 1жылға келісім щарт жасалсын.

Б/б меңгерушісі: [signature] Ш. Касымова
Хатшы: [signature] Ж. Колшева

Түркістан облысы, Мактаарал ауданының «Демеу» бобекжай балабакшасы жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің

кызметкерлерінің еңбек стажын есептеу бойынша кұрылған комиссия отырысының

## № ХАТТАМАСЫ

06.01.2021жыл

**Күн тәртібі :**

**1. Балабақша қызметкерлерінің 2019жылдың 03 қаңтар дейінгі еңбек стажын анықтау. Қазақстан Республикасы үкіметінің 2002 жылдың 11 кантарындағы № 41 «Мемлекеттік қызметші болып табылмайтын мемлекеттік мекемелердің қызметкерлеріне еңбекақы төлеу жүйесі туралы» Қаулысы негізінде барлық мектеп қызметкерінің еңбек кітапшасы бойынша еңбек стаждарын есептеп шығып,**

**Комиссия шешті :**

**2021 жылдың 06 қаңтарға дейінгі балабақша тәрбиешілерінің педагогикалық стажы, шаруашылық қызметкерлерінің еңбек стажы төмендегіше болып белгіленсін**

| № п/п | Аты-жөні | Атқарып жатқан жұмысы | Білімі | Оқу орнының атауы | Санаты | Разряд | Стажы | | Ескерту |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | | | Пед. | Общи и | |
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 | 8 | 9 | 10 |
| 1 | Касымова Шолпан Азимхановна | Меңгеруші-1 ст | жоғары | Шымкент әлеуметтік-педагогикалық университеті . Маманд. -. Педагогика ж/е баст.оқыту әдіс | 2 | А3-3 | 8,2 | 19 | |
| 2 | Маликова Бану Куанышовна | Метадист | | МКҚК Мақтарал гуман итар-экономиклық және агробизнес колледдің Бастауыш білім беру. Спец: Диплом | б/к | С3 | 4 | 4,7 | |
| 3 | Мыхтыбек Сандуғаш Оралбайқызы | Педагог-психолог 0,5 ст. | высшее | Казахский ГосударственныйЖЕНПУ Спец. 5В010300 «педагогика и психология» Диплом №0858938 | б/к | В3-4 | 2,10 | 2,10 | |
| 4 | Асилбеков Байсерик Үзакбаевұлы | Зам.хозяйством 0,5 ст. | среднее | МГЭАБ Колледж Механизация с/х Спец.4402002Механизация сельского хозяйство Диплом.0157959. | б/к | С3 | | 20 | |
| 5 | Угланова Шарифа Достаевна | Медицинская сестра 0,5 | Средне е-медиин ское | Чимкентский медицинский училище Спец: Фельдшер Диплом ВТ №213099 | б/к | В4-4 | | 24,8 | |
| 6 | Алипбекова Гулбахар Жапаровна | Бухгалтер 0,5 ст. | высшее | КАЗГАУ Спец. Экономист – бухгалтер Диплом с отличем ЖБ-1 №0018403 | б/к | С2 | | 23,3 | |

| | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 7 | Смайлова Тажигуль | Воспитатель -1 ст | высшее | Г. Гулям атындағы Сырдария мемлекеттік педагогикалық институты<br>Спец. Рус.язык и лит – ра<br>Диплом КВ №831346 | б/к | В3-4 | 14,9 | 14,9 | |
| 8 | Назар Жазира Жұмаділлә қызы | Воспитатель -1 ст | высшее | «Сырдария» университеті<br>Спец. 5В011600-География<br>Диплом ЖБ-Б№0766449 | б/к | В3-4 | 2,3 | 2,3 | |
| 9 | | | | | | | | | |
| 8 | Жарасова Гульмира Копжасаровна | Воспитатель 1ст | высшее | Алматинский индустриально-пед. Академия<br>Спец. 050102 «Педагогика и методика начального обучение»<br>Диплом ЖБ №0107963 | б/к | В3-4 | 25,1 | 25,1 | |
| 9 | Жолшиева Кұлайна Туребекович | Воспитатель 1 ст | высшее | Региональный социально-иновационный университет<br>. Спец: 5В010200-Педагогика иметодика начального обучения<br><br>Диплом 1278/Ш | б/к | В3-4 | 2,4 | 7,3 | |
| 11 | Усенова Камиля Шамшиддиновна | Воспитатель 1 ст | среднее | ГККП Махтааральский гум.эконом.колледж<br>Спец. 0105000 Начальное образование<br>Диплом 0951060 | б/к | В4-4 | 2,10 | 5,11 | |
| 12 | Асилбекова Бахтыкуль Досмахановна | Воспитатель 1 ст | среднее | ГККП Махтааральский гум.эконом.колледж<br>Спец. 0105000 Начальное образование<br>Диплом ТКБ № 0521209 | б/к | В4-4 | 5,11 | 5,11 | |
| 14 | Жаппар Пакизат Нұрманқызы | Воспитатель 1ст | высшее | «Мирас» университеті<br>Спец:5В012000-кәсіптік оқыту<br>ДипломЖБ-Б№1214474 | б/к | В4-4 | 3,2 | 3,2 | |
| 15 | Киятбаева Әсем Юлдашевна | Помощник воспитателя 1 ст | среднее | | б/к | Д1 | | До года | |
| 16 | Пралиева Айсулу Басанқызы | Помощник воспитателя 1 ст | среднее | | б/к | Д1 | | 3,2 | |
| 18 | Сердалиева Динара Алимхановна | Русский язык 0,5ст | высшее | «Сырдария» университет Г.Джетісай<br>Спец. русский язык и литература<br>Диплом.0262089 | б/к | Д1 | 8,7 | 8,7 | |
| 19 | Смадиарова Айнагуль Сагындыковна | Музыка маманы 0,5 | жоғары | Шымкент университеті<br>Спец.5В010600-музыкалық білім<br>Диплом№0959467 | 2 | В3-4 | 23 | 23 | |
| 20 | Агишева ФерузаШадыбайкызы | Помощник воспитателя 1 ст | среднее | | б/к | Д1 | | 1,2 | |
| 22 | Узакбай Айтуган Байсерікұлы | Подсобный рабочий 0,5 ст | высшее | Таразский Государственный университет имени М.Х.Дулати<br>Спец.5В080500<br>Водные ресурсы и водопользования | б/к | 3Р | | 5,6 | |
| 23 | Джолдасова Аякоз Серикбаевна | Помощник воспитателя 1 ст | среднее | | б/к | Д1 | | 5,2 | |

| | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 24 | Асилбеков Байсерик | Ғимарат жөн.жұмысшы | среднее | МГЭАБ Колледж Механизация с/х Спец.4402002Механизация сельского хозяйство | б/к | 2Р | | 23,10 | |
| 25 | Абдулова Алия | Оператор стиральных машин | среднее | ГККП Махтааральский гум.эконом.колледж Спец.0105000Труд Диплом№0332077 | б/к | 2Р | | 5,11 | |
| 26 | Алипбеков Хамит | Сторож 1,5 ст | среднее | ГККП Махтааральский гум.эконом.колледж Спец.0105000кеден ісі Диплом ОАБ №0198347 | б/к | 1Р | | 5,11 | |
| 27 | Молдабаев Мурат | Сторож 1,5 ст | среднее | | б/к | 1Р | | 5,11 | |
| 28 | Абдиева Меруерт Алпысовна | Повар 1,5ст | Средне е-специа льно | Профессиональный лицей №16 Спец:Специалист предприятия питания Свидетельство№0749 | б/к | 2Р | 1,6 | 1,6 | |

*Заведующий* __________ *Ш.Касымова*

*Методист* __________ *Б.Маликова*

*Мед бике* __________ *Ш.Угланова*

*Бухгалтер* __________ *Г.Алипбекова*

*Пред. профкома* __________ *Б.Асилбекоева*

№1 өндірістік кеңестің хаттамасы

Мерзімі : 11.06.2021

Қатысқандар : 15

Күн тәртібінде

1. Ағымдағы жөндеу жұмыстарының қорытындысы.

2. Стандарт талаптарына сай топтарды жабдықтау..

3. «Бала өмірі мен денсаулығын қорғау» нұсқау жүргізу, бүлдіршіндерді норматив бойынша тамақтандыру туралы.

4.Карантиндік талаптарды сақтау.

1. Бірінші сұрау бойынша өткен кеңесінің шешімдерінің орындалуы туралы ой пікірлерін білдіргендер: б\б меңгерушісі Ш.Касымова. Жаз айларына белгіленген актеу сырлау жөндеу жұмыстары орындалды: ғимараттардың іші әктелді. Ағымдағы жөндеу жұмыстарының барлығын балабақша қызметкерлері өз күшімен жасады,шеттен адам жалдаған жоқпыз.«Бала тәрбиесі-бесіктен басталады» деген ұлы қағидаға сүйенген бірден бес-алты жас аралығындағы сәбилерге білім және тәрбие беретін мекемелердің орны маңызды да ерекше. Сондықтан балабақщаға келгенде қоршаған ортамыз талапқа сай болуы керек. Жақсы тәлім тәрбие алуына ықпал жасау керек. Осылай барлығын ескере отырып балбақшаны дайындап қойдық. Балалардың ойын алаңындағы ойын құралдарын да жөнлеуден өткізіп, түрлі түске бояп қойдық. Жауапты қызметкерлер:Шаруа меңгеруші.А.Ұзақпай Балабақша қызметкерлері белгіленген кезекті демелыстарына шығып,уақытылы жұмыстарына кірісті. Қазіргі таңда тәрбиешілер жазғы сауықтыру жұмыстарымен танысып жұмыс жүргізуді жоспарлады. Балабақша тәрбиешісі

Қ.Жолшиева. К.Үсенова ажарлы да көңілді жаз да соңына жетуде, бүлдіршіндеріміз жазғы шынықтыру шаралары арқылы денсаулықтарына көңіл бөлуді айтып өтті. 2. Е\ші сұрақ б\ша стандарт талаптарына сай топтарды жабдықтау жөнінде ой пікірлерін білдіргендер:

Шаруашылық орынбасары балабақшаның үздіксіз жүріп жатқан оқу тәрбие үрдісінде тәрбиешілердің еңбектеріне қажетті жағдайлар жасап жетекшілік қажет. Сол кезде ғана тәуелсіз еліміздің болашақ тірегі бүгінгі балалардың жан жақты азамат пен азаматшасы болып өсуіне ықпал келтіреміз. Сондықтан стандарт талаптарына сай оқу тәрбие процесіне қажетті көренкі құралдар мен жабдықтар қажет. Сонымен қатар оқу тәрбие процесіне қажет көрнекіліктер мен ойын түрлері де балалардың қызығушылығын арттырып, ынталандырады. Топқа келген жаңа балалармен көптеген жұмыс жүргіземіз, олардың бақшаға тез үйреніп кетуіне барлық жағдай жасалуда.

3.Үшінші сұрақ бойынша «Бала өмірі мен денсаулығын қорғау жөнінде нұсқау жүргізу туралы ой пікірлерін білдіргендер:б\б медбикесі Ш.Угланова. Халқымыз бала тәрбиесіне қашанда ерекше мән берген өйткені бала өміріміздің жалғасы. Сондықтан бүгінгі таңда балалардың өмірін қорғау әлеуметтік мәні зор халықтық іс болып табылады. Балалардың өмірі мен денсаулығын қорғау оларды тәуелсіз мемлекеттің білімді, мәдениетті азаматы етіп тәрбиелеу біздің басты мақсатымыз. Б\б әдіскері Б.Маликова Ата-аналар бізге өмірлерінің ең қымбатты байлығы балаларын сеніп тапсырған соң біз олардың өміріне,денсаулығына жауаптымыз.Сондықтан біріншіден біз өзіміз қауіпсіздік ереже лерін біліп сақтауымыз керек.Осы қауіпсіздікті сақтау ережелері мен таныстырып

өтпекпін.Б\б тәрбиешісі Б.Маликова.Бала өмірі мен денсаулығына жауаптымыз.Бұл мәселеге үлкен жауап кершіліскпен қараймыз.Таңертең ақ қабылдау кезінде баланың көңіл күйін байқап, ата аналармен сұхбат жүргізіп, ойын кезінде, оқу тәрбие процесінде,серуенде,тамақтану кезінде,жалпы айтқан да үнемі сақ болып отырамыз.Сондықтан балалар арасында дос тық қарым қатынас орауына жағдай жасай аламыз. Қатыгез балалармен психологтың көмегімен тәрбие жұмыстарын және ата аналармен бірігіп жұмыс жүргіземіз

4-мәселе бойынша балабақша медбикесі Ш.Угланова

Балабақша санитарлық талапқа сай болуын талап етіп, жұмыс жүргізілді. Әр топта қол жуғыш және антисептик қосымша маскалар ар балаға арнаулы дене қызуын өлшегіш болуын талап етті. Бөлме ішін дембіл дембіл сулы шүберекпен тазартылуын қадағалады.Кварс қойып бөлме ішін ауасын тазартып, барынша карантиндік талаптардың орындалуын қадағалады.

Шешімі :

Өткен кеңестің шешімі орындалуда.

Бала өмірі мен денсаулығын қорғау жөніндегі өтілген нұсқау, талаптары сақталсын.

Карантин талаптары сақталынсын.

б\б меңгерушісі Ш.Касымова

Хатшы : К.Жолшиева